

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын  
іздеу және барлау кафедрасы

Әшір А.Д.

Тақырыбы: «Бозшакөл мыс кенорнын игерімдік барлау»

**ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА**

Мамандығы 5В070600 – «Геология және пайдалы қазба кенорындарын  
барлау»

Алматы 2019


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу  
және барлау кафедрасы

**Қорғауға рұқсат**  
ГТИҚКІЖБ кафедрасының  
менгерушісі, PhD докторы,  
ассоц. профессор  
А.А. Бекботаева  
« 06 » 2019 ж.



Дипломдық жобаның  
Түсіндірме жазбасы

«Бозшакөл мыс кенорнын игерімдік барлау» тақырыбына

мамандығы 5В070600 - Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын  
барлау

Орындаған

Әшір А.Д.

Ғылыми жетекші, Геол.-PhD доктор,  
аға- лектор

 Кембаев М.К.

« 03 » 2019ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу  
және барлау кафедрасы

5В070600 - Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау

**БЕКІТЕМІН**

ГТПККЖБ кафедрасының  
менгерушісі, PhD докторы,  
ассоц.проф.  
А.А. Бекботаева  
« 06 » 2019 ж.



**Дипломдық жобаны орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы      Әшір Абдулазиз Дүйсенғалиұлы

Тақырыбы:      Бозшакөл мыс кенорнын игерімдік барлау

*Университеттің №1168-б «17» қазан 2018 ж. бұйрығымен бекітілген*

Орындалған жобаның өткізу мерзімі «8» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: Диплом алдындағы практикада  
жиналған сызба және жазба материалдары

Дипломдық жобаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі:

*а) Ауданның экономикалық - географиялық сипаттамасы*

*б) Ауданның геологиялық құрылысы*

*г) Жобалық жұмыстардың түрлері мен әдістемесі*

*ж) Геологиялық барлау сметасы және экономикалық тиімділігі*

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде қажет сызбалар  
көрсетілген): Ауданның геологиялық картасы 1:50000; Сызба материалдар.

Ұсынылған негізгі әдебиеттердің 20 атаулары бар.






**Дипломдық жобаны орындау**

**Кестесі**

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
1 Ауданның геологиялық құрылысы	15.03.19 ж.	
2 Жобалық жұмыстардың түрлері және әдістемесі	15.04.19 ж.	
3 Күтілетін қор	25.04.19 ж.	
4 Геологиялық барлау сметасы және экономикалық тиімділігі	30.04.2019ж	


Аяқталған дипломдық жобаның және оларға қатысты диплом жобасының бөлімдерінің кеңесшілерінің және қалып бақылаушының

**Қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
1 Ауданның геологиялық құрылысы	Кембаев М.К. геол.-PhD доктор, аға- лектор	03.05.19	
2 Жобалық жұмыстардың түрлері және әдістемесі	Кембаев М.К. геол.-PhD доктор, аға- лектор	03.05.19	
3 Күтілімдегі қорды есептеу	Кембаев М.К. геол.-PhD доктор, аға- лектор	03.05.19	
4 Экономикалық бөлім	Кембаев М.К. геол.-PhD доктор, аға- лектор	03.05.19	
Қалып бақылаушы	А.О. Байсалова, доктор PhD, лектор	08.05.19	

Тапсырма берілген мерзімі «21» ақпан 2019 ж.

Кафедра меңгерушісі  
PhD докторы, ассоц проф  
Ғылыми жетекшісі  
Тапсырманы қабылдаған студент



А.А. Бекботаева  
М.К. Кембаев  
А.Д. Әшір

Күні « 26 » ақпан 2019 ж.

## АНДАТПА

Бозшакөл кенорны мыс-порфирлі кенорындарының ішінде ірі кенорындар қатарына кіреді. Кен салыстырмалы түрде мыстың аз мөлшерімен сипатталады. Алайда кен кешенді құрамды болғандықтан, оның құндылығы да соған сәйкес біршама артады. Кен денесінде мыспен қатар, молибден, алтын, күміс және глинозем кездеседі. Дипломдық жобада игерімдік жұмыстарын жүргізіп, кенді белдемдер мен денелерді анықтап және оларды бағалау көзделген.



## **АННОТАЦИЯ**

Месторождение Бозшаколь является одним из крупнейших медных-порфирных месторождений. Руды характеризуются незначительным содержанием меди. Однако состав руды является комплексной соответственно возрастает и ценность руд. В рудном теле, кроме меди встречается еще и молибден, золото, серебро, а также глинозем. В дипломном проекте проводятся геологические поисковые работы, определение рудных горизонтов и рудного тела.

## **ABSTRAKT**

The diploma draft drawn up for “Bozshakol” field which one of the largest field in copper-porphyry category. In comparison view of ore, copper’s scope is a few. However ore’s composition is different, so it’s value raises. In ore jointly with copper there are molybdenum, gold, silver, alumina. In diploma draft the main target is to make geological search job, find and estimate ore horizons.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 Кенорынның географиялық-экономикалық жағдайының сипаттамасы	10
2 Ауданның геологиялық құрылысы	11
2.1 Стратиграфия	11
2.2 Тектоника	15
2.3 Пайдалы қазбалары	17
2.4 Геоморфологиясы	18
3 Кенорынның геологиялық құрылысы	22
3.1 Стратиграфия және сыйыстырушы таужыныстардың литолого-петрографиялық құрамы	22
3.2 Кендердің құрылымы	25
3.3 Минералдардың жаралу кезектілігі	26
3.4 Кенді денелердің морфологиясы	27
4 Жобаланған жұмыстарды жүргізудің жағдайлары, көлемі және әдістемесі	29
4.1 Геологиялық мәселелер және оларды шешу жолдары	29
4.2 Жобалау	29
4.3 Бұрғылау жұмыстары	29
4.4 Сынамалау жұмыстары	30
4.5 Зертханалық және технологиялық зерттеулер	32
5 Күтілетін қорларды есептеу	33
6 Жобаланған жұмыстардың өндірістік жағдайлары мен көлемі	34
ҚОРЫТЫНДЫ	37
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	38
Қосымша А	39
Қосымша Д	40
Қосымша Е	41
Қосымша Ж	42
Қосымша К	43
Қосымша Л	44
Қосымша О	45
Қосымша П	46
Қосымша Р	47
Қосымша С	48
Қосымша Т	49



## КІРІСПЕ

Бозшакөл кенорны мыс-порфирлі кенорындарының ішінде ірі кенорындар қатарына кіреді.

Кен салыстырмалы түрде мыстың аз мөлшерімен сипатталады. Алайда кен кешенді құрамды болғандықтан, оның құндылығы да соған сәйкес біршама артады. Кен денесінде мыспен қатар, молибден, алтын, күміс және глинозем кездеседі.

Кенорынның масштабы және кен денесінің жату жағдайлары игеруді арзан - ашық әдіспен жүргізуге мүмкіндік береді. Аталғаннан басқа да кездесетін тиімді экономикалық жағдайлар, Бозшакөл кенорнын өндірістік нысан ретінде қарастыруға болатындығын көрсетеді.

Алдында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде: аумақтың геологиялық құрылысының схемасы, өнеркәсіптік минерализацияның жалпы масштабтары, жер қойнауындағы минералдық шикізаттың сапасы, игерудің кезектілігі мен өндіру жоспары жасақталды. Осымен байланысты кенорынды жете зерттеу мақсатында кен денесінің жатыс жағдайларын, сапасын, қаусырма мен ысырма кездесуін анықтау, сынамалау жұмыстарын жүргізіп қосымша ақпараттар алу үшін геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туды. Бағалау жұмыстары оң нәтижелер беріп, геологиялық барлау сатысына өтті.

## **1 Кенорынның географиялық-экономикалық жағдайының сипаттамасы**

Бозшакөл кенорны Павлодар облысының Баянауыл ауданында орналасқан.

Кенорынның геофикалық координаттары:

Гринвич меридианнан 74°20' шығыс бойлық

51°50' солтүстік ендік.

Кенорын облыс орталығы Павлодардан оңтүстік батыс сызығы бойынша 175 км қашықтықта, Шідерті және Өлеңті өзендері аралығында орналасқан. Ең жақын теміржол бекеті-Ақмола-Павлодар магистраліндегі Бозшакөл бекеті. Ол кенорыннан оңтүстікке қарай 18 км қашықтықта.

Демек кенорын экономикалық жағынан тиімді аумақта орналасқан. Павлодар мен Ақмоланы байланыстыратын магистраль кенорыннан небәрі 18 км қашықтықта өтіп жатыр.

Кенорынмен жақын Бозшакөл бекетін қосатын темір жол торабын салуға жер бедері сәйкес келеді.

Кенорын Екібастұз және Теңіз-Қоржынкөл-екі ірі таскөмір алабтарының арасында орналасқан. Теңіз-Қоржынкөл таскөмір алабы теміржол магистралінде Бозшакөлден батысқа қарай 50 км қашықтықта. Болашақ кәсіпорын үшін екі ірі таскөмір алаптарының осындай географиялық орналасуы отынға қатысты барлық мәселені шешеді.

Бозшакөлді сумен қамтамасыз ету жағдайына келсек, сапасы мен мөлшері бойынша талапқа сәйкес келетін су кенорын қасында болмаса да, бұл мәселені Шідерті өзенінде салынған суқоймасының ресурстары арқылы шешуге болады.

Шідерті өзенінде сонау 1948-1952 жылдары жүргізілген инженерлік-геологиялық зерттеулер көлемі 75-85 млн.м<sup>3</sup> су болатын суқоймасын салу үшін плотина құру мүмкіндігі бар екенін дәлелдеді.

Болашақ құрылыс қажеттілігін өтейтін аудан құрылыс материалдармен қамтамасыздандырылған. Мында: цемент шикізаты, құрылыс тасы, трепел, опока, гравий, магнезит, отқатөзімді саз, кварциттер, әктастар бар.

Ауданда орман жоқ. Ең жақын орман - Бозшакөлден 180 км қашықтықта Баянауыл тауларында.

Кенорынның ауданы Шідерті мен Өлеңті өзендер бойымен мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы. Ауданның құнарлы топырағы жер шаруашылығымен айналысуға да мүмкіндік береді.

Ауданның елді мекендері көбінесе теміржол магистралі маңына қарай тығыздала түседі. Жақын елді мекен болып Төртқұдық кеніші саналады, ол Бозшакөлден оңтүстікке қарай 18 км қашықтықта орналасқан.

Кенорынның ең биік нүктелері болып: Обалы, Орталық, Солтүстік-Батыс, Оңтүстік-Шығыс шоқыларының төбелері болып саналады.

Обалы шоқысы кенорынның батыс бөлігінде шоғырланып, кварциттерден құралған. Ол пішіні мен биіктігімен біркелкі жазық ландшафтан айрықша ерекшелінеді. Оның абсолют биіктігі 241,4 м.

## 2 Ауданның геологиялық құрылысы

Ауданның геологиялық құрылысының сипаттамасы Р.А.Борукаев мәліметтері бойынша жүргізіледі. Сипаттау кезінде Р.А.Борукаев жетекшілігімен бірқатар геологтар тобының жүргізген жұмыстарының соңғы жылдары басылып шыққан еңбектері қолданылған.

Осы жұмыстар негізінде ауданның геологиялық құрылысына 1952 жылғы есепнамада келтірілген өзгертулер енгізілген. Мысалы төменгі протерозойдың амфиболитті свитасы ефимов, ал жоғарғы протерозойдың ерементәу свитасы жоғарғы протерозой мен төменгі кембрий арасындағы жаңа синий жүйесіне қосылды. Бозшакөл жікқабаты-екі жікқабатшаға бөлінді: төменгі (бұрынғы спиллитті) және жоғарғы (бұрынғы кератофирлі). Бозшакөл кенорын орналасқан ауданның геологиялық картасы нақтыланды [1].

### 2.1 Стратиграфия

Бозшакөл кенорнының геологиялық құрылысын палеозойға дейінгі және кембрий таужыныстары құрайды. Әсіресе кембрий таужыныстары жиі ұшырасады [2].

#### Палеозойға дейінгі кезең (PZ)

Өртүрлі жікқабаттардың стратиграфиялық, құрылымдық-тектоникалық арақатынасын және метаморфизм мен жыртылуын есепке ала отырып, сонымен қатар Батыс Сібір, Көкшетау, Ұлытау ауданы мен Орталық Қазақстанның оңтүстік бөлігін салыстыра отырып, ауданда археозой мен протерозой формациялары бөлінді. Сипатталып жатқан Бозшакөл ауданының ауқымында ефимов свитасымен (Pr ef) сипатталатын төменгі протерозой таужыныстары мен кембрий жүйесінің ерементәу свитасының (€ ef) таужыныстары кездеседі.

#### Ефимов свитасы (Pr ef)

Ефимов свитасы бұрын амфиболитті қатқабат деп аталынған. Ол Кіші Қайындыкөл көлінің оңтүстігінде орналасып, ендік бағытта созылған.

Бұл свитаның шығысы Жанғабұл массивіне жақындайды. Жік қабат үлкен Жанғабұл антиклиналь қатпарлығының өзегін құрайды. Оңтүстігінде ол кембрийдің үш бөлімінің де таужыныстарымен жанасып, ірі дизъюнктивті бұзылыстармен шекараласады. Ал солтүстігінде бұл свита төменгі кембрий түзілімдерімен трансгрессивті көмкеріледі. Бұдан басқа бұл свита ашылымы Құлбай тауларынан Оңтүстік - батысқа қарай екі жерде байқалған.

Ефимов свитасы амфиболиттермен, амфиболитті тақтатастармен, кварц-актинолитті тақтатастардан, шомбал актинолитті таужыныстар мен порфиритоидтардан құралған. Таужыныстардың ішінен басты рөлді амфиболиттер атқарады.

Амфиболиттерді сыртқы келбеті бойынша диабаздардан айыру қиын. Олар жасыл түсті ұсақ не орта түйірлі. Е.Е. Миллер жасаған микроскопиялық талдаулар бойынша, таужыныстың 80% призма мен пластина түріндегі мүйізалдамшыдан құралған. Қалған 20% плагиоклаз. Таужыныс негізінен

шомбал, кейде жолақ құрылымды. Таужыныста мүйіздалдамшы мен плагиоклаз бағдарсыз орналасқан, тек кей кездері бір бағытта орналасқан.

Амфиболитті тақтатастар сырт белгілері бойынша амфиболиттерден қиын ажыратылады. Оларды тек микроскоп астында ажыратуға болады. Олар мүйіздалдамшы мен плагиоклаздың өзге арақатынасы бойынша ерекшеленеді. Амфиболитті тақтатастарда керісінше плагиоклаз басты болып, минералдар қатаң сызықты орналасып, таужыныс тақтатастық бітімін иеленеді. Плагиоклаз созылыңқы пішінді және соңы үшкірленетін альбитпен сипатталады.

Кварц-актинолитті тақтатастар ұсақтүйірлі кварц-актинолитті массадан тұрады. Актинолит кристалдары бір бағытқа бағытталған. Таужыныс құрылымы фибропластикалық. Кварц және актинолит жолақшалары кезектесіп, кейде бір массаға бірігеді.

Массивті актинолитті таужыныстар тұтасымен ұсақ түйірлі актинолит агрегатымен сипатталады. Оның кристаллдары ретсіз орналасқан.

Таужыныс жасыл түсті және шомбал бітімді. Кенді минералдың ұсақ әрі әркелкі сеппеліктері жиі ұшырасады.

Порфиroidтар свитаның жоғарғы горизонттарын құрайды. Минералдардың сандық көрсеткіштері бойынша эпидоттар мен хлоритті уралиттер басым. Олар қайта түзілген эффузивтермен сипатталып, барлық жерде порфиритті құрылымын сақтайды. Порфиroidтарда барлық жерде бастапқы эффузивтің негізгі массасы өзгерген жіне туынды минералдар агрегатынан құралған.

Р.А.Борукаев бойынша порфиroidтар жасылтасты қайта түзілуімен қатты динамометаморфизм нәтижесінде, негізгі порфириттер мен олардың пирокластарынан түзілген.

Ефимов свитасының қалыңдығы 2500 м [3].

#### Ерементау свитасы (€ er)

Бозшакөл кенорны аумағында Ерементау жікқабаты Төртқұдық кенішінен оңтүстік жақта жоғарғы кембрий таужыныстарының арасында шығып жатыр.

Ерементау-эктасты-эффузивті свитасы екі қалың қатқабатпен сипатталады. Төменгі қатқабат эктасты туфтармен кезектескен метаморфты эффузивті жаралымдардан тұрады. Бұл қатқабатта әртүрлі түсті және метаморфизм қарқындылығының әртүрлі дәрежесінде ұшырасатын эктастардың ірі линза тәріздес денелері кездеседі. Эктастар жиі эктасты туфтарға ауысады. Төменгі қатқабатта сонымен қатар эффузивтер мен шөгінділерден түзілген әртүрлі метаморфты тақтатастар кездеседі.

Жоғарғы қатқабаттар негізінен кварциттерден, яшмалардан және аз мөлшерде мәрмәрленген, кременделген эктастардан тұрады. Сонымен қатар алевролиттер мен құмтастар да кездеседі [4].

Ерементау свитасының жалпы қалыңдығы 3500 м.

#### Кембрий (€)

Бозшакөл кенорнының бүкіл ауданы негізінен кембрий таужыныстарынан құралған. Р.А.Борукаев жетекшілігімен ауданның аумақты бөлігін қамтыған

кешенді зерттеулер нәтижесінде кембрий түзілімдерінің стратиграфиялық бөлікшелерін анық дараланды.

Бозшакөл ауданында ортаңғы және жоғарғы кембрий таужыныстарынан фаунаың көп мөлшерінің кездесуіне орай, кембрийдің төменгі, ортаңғы, жоғарғы бөлімдері оңай дараланды [5].

#### Төменгі кембрий (C<sub>1</sub>)

Төменгі кембрийге қалың жанартаулы Бозшакөл жікқабаты кіреді. Ол суастында төгілген эффузивтерден, пирокластардан, аз мөлшердегі эффузивті жаралымдармен кезектескен теңіз терригенді шөгінділерден құралған. Бозшакөл жікқабаты таужыныстарының ашылымдары ортаңғы кембрий таужыныстарымен екі алаңға-Солтүстік Бозшакөл мен Оңтүстік Жаңғабұл бөлінген.

Бозшакөл свитасы екі подсвитаға: Төменгі (бұрынғы спиллитті)  $c_1^2 bk_1$  және жоғарғы (бұрынғы кератофирлі)  $c_1^2 bk_2$

Төменгі жікқабатша Бозшакөл кенорны аумағында кең аумақты қамтып, кенорын аумағында және Жаңғабұл ауданында шығып жатыр. Бұл жікқабатша Бозшакөл кенорнын сыйыстырушы болып табылады.

Төменгі подсвита Бозшасор көлінен солтүстікте II дәржелі антиклиналь қатпарлығын құрайды. Оның оңтүстік қанаты ортаңғы кембрий түзілімдерімен көмкерілген. Ал солтүстік қанаты жоғарғы подсвита таужыныстарынан тұратын қарапайым синклинальға ауысады.

Төменгі подсвита Жаңғабұл ауданында көбірек таралған.

Бұл жерде бұл свита негізінен шөгінді таужыныстарымен қабаттасқан негізгі эффузивтерден құралған. Бұл түзілімдер жасылтасты қайта түзілу процесі нәтижесінде қою жасыл және сұр түстерге ие.

Эффузивтер пироксен-плагиоклазды порфириттармен және лабрадор-андезит құрамды плагиопорфириттармен сипатталады. Эффузивтар туфалавалар, жанартаулық брекчия және литокласты туфтармен бірге кездеседі.

Пирокласты шөгінділер подсвитаның жоғарғы горизонттарында жиналады.

Порфириттер және олардың туфтары жасыл түсті ірі түйірлі граувакты құмтастармен кезектесіп, кей жерлерде ұсақтүйірліге немесе алевролиттерге фациальді ауысады. Подсвитаның жоғарғы бөлігінде спиллитті келбетті амигдаллоидты лавалар байқалады.

Жалпы қалыңдығы-2400 м.

Қиманың жоғарғы бөлігінде Ащыкөл көлінен солтүстікке қарай кең дамыған бұрынғы каратофирлі, қазіргі жоғарғы подсвита таужыныстары кездеседі.

Жоғарғы подсвита таужыныстары Ащыкөл көлінен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай кең дамып, төменгі жікқабатша үстіне үйлесімді жайғасады.

Жоғарғы подсвита негізінен пирокласты және шөгінді (құмтастар мен алевролиттер) таужыныстармен қышқыл құрамды эффузивтер, кезектесе қабаттаса орналасқан.

Төменгі подсвитаның негізгі порфириттерден қышқылға ауысуы, бірқатар аралық таужыныстар арқылы жүзеге асады. Жалпы қалыңдығы - 2100 м.

Бозшакөл свитасының қимасы төменнен жоғары қарай:

Төменгі подсвита

- 1) Спиллиттер, диабазды порфириттер және олардың туфтары.
- 2) Граувакты құмтастар, яшмалар, алевролиттер.
- 3) Плагиоклаз-пироксенді (диабазды) порфириттер және олардың туфтары.
- 4) Ұсақтүйірлі кварц-далашпатты құмтастар.
- 5) Бадамтасты спиллиттер және олардың туфтары.
- 6) Андезит құрамды плагиопорфириттер.

Қалыңдығы - 2600 м.

Жоғарғы подсвита

- 7) Альбиттенген, порфир бөліктерінде туынды альбитті плагиопорфириттер.
- 8) Флюдты бітімді, шыны тәрізді альбитофирлі лавалар.
- 9) Жасыл және сұр түсті құмтастар, ақшыл алевролиттермен фаціальді ауысқан.
- 10) Шыны тәрізді альбитофирлі лавалар.
- 11) Ашық жасыл алевролиттер және құмтастар.
- 12) Кератофирлер және олардың туфтары.
- 13) Кварцты альбитофирлер. 14. Кварц-далашпатты құмтастар.

Жалпы қалыңдығы шамамен 2000 м.

Екі подсвитаның жалпы қалыңдығы 4600 м шамасында.

Жоғарғы подсвита таужыныстарында жасылтасты метаморфизм болмаған және олар төменгі подсвита таужыныстарынан шұғыл өзгертін, ақшыл түспен сипатталады.

#### Ортаңғы кембрий ( $C_2$ )

Ортаңғы кембрий таужыныстары Бозшакөл кенорнынан оңтүстікке және шығысқа қарай, Кіші-Қайыңдыкөл көлі, Төртқұдық кенішінен шығыстағы, Ақсаққоянды тауы ауданында, Жауытбай көлі ауданының солтүстік бөлігінде ашылған.

Ортаңғы кембрий таужыныстарынан табылған мол фауна, Бозшакөл кенорны ауданында 4 фауналы горизонт бөлуге септігін тигізді. Ескеретін жайт, Бозшакөл ауданы бүкіл Орталық Қазақстан бойынша ортаңғы және жоғарғы кембрий фаунасы мол кездесетін, сонымен қатар Орталық Қазақстандағы кембрийлік фауна табылған схемалық картамен сипатталады.

Ортаңғы кембрий екі свитаға бөлінеді:

Майдан (бұрынғы яшмалы) және Тасықсор. Екі свита қатпарлы фазамен бөлінген.

#### Майдан свитасы ( $C_2^1 md$ )

Ортаңғы кембрийдің Майдан свитасы төменгі кембрийдің Бозшакөл свитасынан Бозшакөл фазасының Салайыр тектогенез әсерінен болған үйлесімсіздікпен, түзілу кезіндегі үзіліспен ажырайды.

Майдан свитасы көбінесе теңіз шөгінді таужыныстар кешенінен-алевролиттерден, аргилиттерден, құмтастардан, ұсақмалталы

конгломераттардан, әктастардан, әртүрлі яшмалардан тұрады. Кейде өте жұқа кабат түрінде туфтар мен порфириттер кездеседі.

Бозшакөл горизонтының фаунасы толық әрі дәл зерттелген. Түрі мен тегі бойынша әртүрлі болып келген 38 трилобиттердің түрлері сипатталды. Жүргізілген талдау бойынша Р.А.Борукаев Сасықсор свитасының көнелігі  $C_2^2$  сәйкес келеді деп шешті. Ескеретін жайт, ортаңғы кембрийдің сипатталған горизонттары Қазақстанда Бозшакөл ауданынан басқа Шыңғыз пен Кіші Қаратауда байқалған.

### Жоғарғы кембрий ( $C_3$ )

Сипатталып жатқан аудан аумағында жоғарғы кембрий түзілімдері Кішкене Қайыңдыкөл көлінен батысқа қарай, Төртқұдық кеніші ауданында және Бозшасор көлінен оңтүстіктегі Майсор көлінде, сонымен қатар төменгі кембрий төменгі подсвитаның Бозшакөл интрузиясын және сыйыстырушы таужыныстарын көмкеріп жатқан Бозшакөл кенорны ауданында да таралған.

Жоғарғы кембрий – тремадок таужыныстары толығымен негізінен Төртқұдық ауданында сипатталып, Р.А.Борукаев оны Төртқұдық свитасы деп атады.

Төртқұдық свитасының жалпы қалыңдығы 1300 м.

Кенорын ауданында Төртқұдық свитасы лермонтов фауналы горизонтынан құралған, ең жоғарғы горизонтпен сипатталады.

Жоғарғы кембрий-тремадок түзілімдері сипатталып жатқан аудан аумағында төменгі палеозой түзілімдері қимасымен сипатталады.

### Төрттік түзілімдер

Көнелігі төрттік түзілімдермен сәйкес келетін құрлықтық түзілімдерге Шідерті мен Өлеңті өзендерінің суайрық жазығында кездесетін малтатастар, құмдар, саздар жатады. Құмтастар көбінесе шоқылардың төбелері мен беткейінде кездесіп, ашық сұр, сұр, қошқыл түстермен сипатталады. Шоқыаралық жазықтықта кварциттер салыстырмалы түрде аз қалыңдықтағы төрттік түзілімдерімен көмкеріледі [7].

## 2.2 Тектоника

Бозшакөл мыс-молибден кенорны Бозшакөл антиклиналінің оң қанатында орналасқан. Антиклиналь ендік созылымға ие, оның өзегінде төменгі кембрий Бозшакөл свитасының төменгі подсвитасы жайғасады. Ол солтүстігінде жоғарғы кератофирлі подсвитасымен көмкеріледі. Антиклиналь қанаттарының құрылысы симметриялы, құлау бұрышы  $30-50^\circ$ .

Кенорынның оңтүстік-шығыс және шығыс бөлігіндегі төменгі свита таужыныстары ортаңғы кембрий Сасықсор свитасы мен жоғарғы кембрийдің Төртқұдық свитасының таужыныстарымен трансгрессивті көмкеріледі. Жоғарғы кембрий таужыныстары ортаңғы кембрийдің Сасықсор свитасы таужыныстарымен тектоникалық жапсар арқылы байланысады. Жоғарғы кембрий таужыныстары ендік және солтүстік-батыс созылымымен,  $30-50^\circ$  бұрышпен, оңтүстік және оңтүстік-батыс бағытына құлайды. Оңтүстік қанаты



Бозшакөл антиклиналь созылымы бағыты бойымен, төменгі подсвита таужыныстарының жалпы созылым бағытымен шыққан дайқа тәрізді интрузиямен бөлінген.

Рудалы алаңның аумағында қарқынды метаморфизм процесімен сонымен қатар кенденуден кейінгі болған гипергенді процесстермен байланысты кенорынның тектоникалық өмірін қалыпқа келтіру өте қиын. Алайда көптеген жылдар бойындағы кенорында жүргізілген дәлдікті зерттеулер арқылы жалпы тектоникалық сұлба құрастыруға мүмкіндік береді.

Диорит-порфириттер мен плагиогранит-порфирлер дайкалы интрузияның кірігуінің алдында Бозшакөл антиклиналі жаралуымен байланысты жарықшақтар кездескен жерлер болды. Бұл жарықшақтар антиклинальдің дөңес және дөңес маңында шоғырланып, ендік бағытта антиклиналь осі бойымен созылған. Жарықшақтар бойымен диорит-порфириттер мен плагиогранит-порфирлердің кірігуі болды. Дайкалық интрузиядан кейін, сол жарықшақтар бағытымен үгілу белдемдерін қалыптастырған ендік бағытта созылған қарқынды жылжулар орын алды. Кенорында 2 осындай параллельге жақын (негізгі бағыт жарықшақтары) кенденуге дейінгі тектоникалық белдемдер байқалған. Блоктар негізгі бағыттағы үгілу белдемдермен шектелген. Бұл белдемдердің әсіресе ішінде орналасқан, кем дегенде солтүстік пен оңтүстіктен шектелген блоктар солтүстік-батыс пен оңтүстік-батыс созылымымен жарықшақтар жаралуымен бірге қарқынды үгілуге ұшырады.

Кенорын ауқымында қарқынды үгілу батыстан шығысқа қарай шектелген алаңда орын алды. Осыған байланысты бұл алаңда кенорынның негізгі кенденуі болған.

Негізгі бағыттың бойлық белдемдеріне төлденең геологиялық барлау профилінде тереңде жақсы сағаланатын терең қалта тәрізді кен денелері сәйкес келеді.

Кенорынның көлденең тау-кен қазылымдары мен шахталарында жүргізілген жарықшақтардың көптеген өлшеулері жарықшақтылықтың 3 негізгі бағытын анықтады.

1) Негізгі бағыттың үгілу белдемдеріне сәйкес келетін ендік бағытқа жақын жарықшақтар. Құлау азимуты  $160-190^\circ$  аралығында. Жарықшақтардың максимал саны  $60-85^\circ$  бұрышпен оңтүстікке қарай құлайды.

2) Солтүстік-батыс бағытының жарықшақтары. Құлау азимуты  $220-260^\circ$ , ал құлау бұрышы  $20-70^\circ$  аралығында. Құлау азимуты  $40-80^\circ$  болатын аз мөлшерде жарықшақтар байқалады.

3) Оңтүстік-батыс бағытының жарықшақтары. Құлау азимуты С-Б  $310-340^\circ$ . Жарықшақтардың көп мөлшері С-Б бағытына  $50-80^\circ$  бұрышпен құлайды.

Геологиялық байқаулар мен таужыныстарды петрографо-литологиялық зерттеу негізінде, жастық ара-қатынасы бойынша ең болмағанда механикалық деформацияның үш негізгі кезеңін бөлуге болады.

Бірінші кезең-гидротермальді метаморфизм мен кенденудің алдында болып, плагиогранит-порфир интрузиядан кейін, гидротермальді ерітінділер қозғалысы үшін орын болды.

Екінші кезең-минерализацияаралық. Оның ішінде бөлімшелерді бөлуге болады:

1) таужыныстар мүйізталуынан соң орын алып, барлық парагенетикалық минералдармен кездесетін қиылысушы кварц желішектерінің жаппай пайда болуына негізделген;

2) кейіннен кальцитпен цементтелуіне ұшыраған, кенді кварц желішектерінің үгілуі. Екінші кезең біркелкі таралғанымен әлсіз білінеді. Ығысу амплитудалары үлкен емес және микрожылжулар түрінде көрініс береді. Ығысу бағыттары-рудалыққа дейінгімен сәйкес келеді: ендік, солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс.

Үшінші кезең-минерализациядан кейінгі, үгілуге негізделген, барлық гидротермалық минералдардың ығысуы, соның ішінде кальцит желішектері.

Кенді алаң аумағында екі ірі пострудальдық тектоникалық жылжулар байқалады.

Біріншісі – кенорынның оңтүстігінде солтүстік-шығыс бағытындағы жоғарғы және ортаңғы кембрий таужыныстарын беттестіреді.

Екіншісі – төменгі және ортаңғы кембрий таужыныстарын беттестіреді. Тектоникалық белдем солтүстік-батысқа қарай созылған және төменгі подсвитаның спилиттері астында аяқталады [8].

### **2.3 Пайдалы қазбалары**

Тотыққан жеңіл флотацияланатын кендер

Бұл топқа 30% және одан да жоғары мыс құрайтын, цианитті сорындыға ауысатын кендер кіреді. Кендерді бөлу Гинцветмет өндеген рационалді талдауларға негізделген.

Осы топқа Гинцветмет жіктемесі бойынша руданың 2 сорты-жақсы және орташа флотацияланатын біріктірілген. Себебі екі жағдайда да флотация кезінде кеннің 70-80% алынған.

Тотыққан, жеңіл флотацияланатын кендер кенорынның жалпы қорының 1,6% құрайды. Осы кендерде мыс мөлшері 0,5-1,98% аралығында ауытқиды. Бұл кендер қатты каолиниттенген, глинозем мөлшері 23-28%-ға жететін ақшылдануымен сипатталады. Олардың ішінде тотыққан мыс минералдары атакамитпен, малахитпен, азуритпен сипатталады. Алғашқы екі минерал кейде сомтума мыспен бірге кездеседі.

Тотыққан қиын флотацияланатын кендер

Бұл топқа 30%-дан төмен мөлшердегі мысты құрайтын, цианитті сорындыға ауысатын кендер кіреді.

Тотыққан, қиын флотацияланатын кендер кенорынның жалпы қорының 1,6% құрайды. Олар кенорынның батыс бөлігінде, жеңіл флотацияланатын таужыныстар дамыған аумақтарда, оларды оңтүстіктен жиектеп және ары қарай шығысқа қарай таралған.

Бұл кендерде мыс мөлшері 0,5-1,31% аралығында ауытқиды, мыстың орташа мөлшері 0,75%. Бұл кендер кенорынның шығысында қатты

лимониттенген түрлерімен және батысында әлсіз лимониттелуімен сипатталады. Қатты лимониттелген түрлерінде мыс минералдары өте аз мөлшерде кездеседі. Мұнда мыс негізінен темір және марганец гидрототықтармен байланысты. Аз лимониттенген түрлерде де мыс минералдары аз мөлшерде кездеседі. Гинцветмет зерттеулеріне карағанда мұнда мыс гидрослюдалармен байланысты.

Бұл кендердің таужынысжасаушы таужыныстары гидрослюдалар, гидрохлорид, каолинит, дала шпаттардың каолиниттенген түйірлері мен ұсақ түйірлі кварц.

#### Сульфидті кендер

Бұл топқа глинозем мөлшері 18%-дан аспайтын сульфидті кендер кіргізілген. Кенорында сульфидті кендер негізгі болып саналып, жалпы қордың 82,9%-н құрайды. Сульфидті кендерде мыстың орташа мөлшері 0,70%, ал молибдендікі 0,014% құрайды, ауытқуы молибдендікі іздерден (жағылымдардан) 0,19%-ға дейін. Ескеретін жайт, бүкіл кенорын ауқымында молибден таралуы біркелкі және мыс пен молибден арасында ешқандайда корреляциялық ара-қатынас байқалмайды.

Кобальт сульфидті кендерде іздерден (жағылымдардан) 0,01%-ға дейін байқалады. Кобальттың орташа мөлшері 0,005%. Кобальт негізінен пирит пен халькопиритпен байланысты.

Сульфидті кендерде алтын мөлшері іздерден (жағылымдардан) 3,3 г/т аралығында ауытқиды, орташа мөлшері 0,29 г/т, ал күмістікі 9,62 г/т. Алтын негізінен халькопиритпен байланысты, оның мөлшері халькопиритте 5,2 г/т дейін жетеді. Негізгі кенді минералдары пирит пен халькопирит.

Н.М Митряев пен З.А Козловская жүргізілген соңғы минералогиялық зерттеу мәліметтері бойынша Бозшакөл кендерінде рений анықталды. Рений толығымен молибденитпен байланысты, ол мұнда молибденнің орнын басады. Молибденде рений мөлшері 0,03%, ал молибден концентратында 0,530%-ды құрайды [9].

## **2.4 Геоморфология**

Жас Мұғалжардың қазіргі бедерінде тектоникалық толқындардың өте кіші амплитудаларына байланысты бедер түзілудің әртүрлі этапты формалары сақталады. Оларды бөлу кезінде Қазақстанның геоморфологиялық карталарға аңыздарды үңгімелеу бойынша Республикалық жиналыстың шешімімен құралған принциптер қолданылады. (Алматы, 1959 ж. сәуір). Осы аңыз бойынша 600-650 м абсолюттік белгілерімен тиесілі 200-256 м көтерілулері бар Мұғалжар және Жанғана жоталарының қыраттары ұсақшоқыларға жатқызылған.

Сипатталып отырған территорияда (2 сурет) екі ірі бедер комплексі таралған: төбелі бедер (ұсақшоқы) және жазықтар. Олардың ішінде бедердің морфогенетикалық топтары мен типтері бөлінген [10].

#### *Төбелі бедер*

Жонды-төбелі эрозиялы-денудациялық ұсақшоқы – ол силур эффузивтарында дамыған, көне денудациялық процесстермен қайта өнделген, көне юрадан кейінгі бедердің қалдықтары. Бұл бедердің жұрнақтары қазір Мұғалжар жотасының суайырық бөлігіндегі кішігірім оқшауланған бөлікшелерді алады. Бедер күмбез тәрізді шоқылары бар субмеридианалды бағытталған жондардың сәйкестігімен көрсетілген. Олар терең емес ербедермен бөлінген. Бедер нүктелерінің абсолюттік белгілерінің 550 м-ден 656 м-ге дейінгі толқындары бар.

Тектоникалық-эрозиялық ұсақшоқының қалыптасуы. Оның қалыптасуы бор кезеңінен кейін басталды. Ол кезде тегістелген мезозой беті Мұғалжар ертеальпілік тектоникалық қозғалыстар әсерінен қалыптасты және ол тез бөлініп денудацияға ұшырады.

Осы ұсақшоқы арасынан үш морфогенетикалық типті бөлуге болады.

1 Қырқалы-төбелі ұсақшоқы. Оның Мұғалжар жотасын және Жанғана жотасының үлкен бөлігін алып жатқан алаңды таралымы бар. Ол силур мен девонның шөгінді-эффузивті жыныстарының шығыстарына және оларды тесіп өтетін габбро негізделген. Бедер меридионалды қырқаларға топталған күмбез тәрізді шоқылардың бірігуімен көрсетілген. Олардың абсолюттік белгілері 400-550 м-ді құрайды, ал жыралары мен өзен арналарының үстіндегі қатысты көтерілуі 50-150 м-ді құрайды. Қырқалардың беті түзу, беткейлердің тік болуы 20-40°-қа дейін жетеді. Қырқалы-төбелі ұсақшоқы Мұғалжар маңы жазықтығынан 40 м биіктіктегі үлкен созылымдағы тектоникалық кертпершпен бөлінеді. Ол пермь уақытынан кейін құралған Батыс-Мұғалжар жарылымдары белдемінің орнында пайда болды. Жарылым сызығы бойындағы Мұғалжар бөлімшелерінің көтерілімі блокты, сондықтан тектоникалық кертпеш кейбір жерлерде мүлдем көрсетілген. Ауданның бөлек бөліктерінде қырқалы-төбелі ұсақшоқының бедердің басқа типтеріне өтуі ақырын.

2 Жалды-төбелі ұсақшоқы Бершігүр депрессиясы шеттері бойынша тиесілі таралған. Ол Батыс Мұғалжар жотасы етегінің бойында локальді бөлімшелермен кездеседі. Жалды-төбелі ұсақшоқы өзімен бірге параллельді жалдардың және олардың арасындағы күмбез тәрізді тегістелген шоқылардың ұқсастығын көрсетеді. Бұл бедер орта девонның эффузивті-шөгінді жыныстарында, күшті ұсталған яшмалардың қабатшалары немесе силур эффузивтері арасындағы дайкалардың қышқыл құрамды сериялары дамушы бөлімшелерде дамыған (Бершігүр станцияларының ауданы, Дөңгелек қыстауының солтүстігі). Бедердің бөлек формаларының абсолюттік белгілері 450 м-ді құрайды, ал олардың су кемерінен қатысты көтерілуі өзендерде 30-40 м аралығында өзгереді. Қырқалардың келбеті әртүрлі, ол қырқалы сызықтармен жақсы және құлдығы 20-30°-қа байланысты ойыс-дөңесті беткейлермен көрсетілген. Қырқалардың арасындағы шоқылар тегістелген келбетті болып келеді, олардың беткейлерінің құлдығы 15-35°-тан аспайды. Эффузивтер арасындағы құлауы бойынша айшықталған яшмалардың қабатшалары мұнда жиі куэстті формаларды құрайды. Бұл бедердің типі эоценмен кейінгі уақытта

калыптаса бастады, сексеуіл свитасының бұрын шайылудан соң палеозойды жапқан шөгінділерінен кейін.

3 Жалды ұсақшоқы Сырлыбай және Шуылдақ өзендері арасында таралған. Ол қышқыл және орта құрамды дайкалардың жар тәрізді шығыстарының алаңы түрінде келеді. Жалдардың қырқалары барлық жерде анық көрсетілген, олар бірнеше километрге жиі созылады. Қатысты биіктігі 50 м-ге дейін. Жалдардың беткейлерінің жиі 40°-тан жоғары ылдилары бар.

#### *Жазықтар*

Денудациялық жазықтар. Еңістігі тұғырлықты әлсіз толқынды жазық көбінесе Бершігүр депрессиясына келеді. Тегістелген қатпарлы жоғарғы девонның және төменгі карбонның кейбір жерлерінде сексеуіл свитасының конгломерат-құмтастарының қалдықтары сақталған. Жазық бетінің ылдиды шеттен бастап Бершігүр депрессиясының осіне қарай 2° және ұсақ жондар 20 м-ге дейін жетеді. Олардың беткейлерінің құлдығы 3-5°-қа дейін жетеді.

Денудациялық пластты жазықтар тауларға жақындаған Мұғалжар маңы даласында кеңірек таралған. Олар бор және палеоген жүйелерінің шөгінді жыныстарынан құралған. Бөліну дережесіне және беті бойынша олар екі типке бөлінеді.

1 Толқынды жазық жоғарғы эоценнің тұтас кварцты құмтастарынан және олигоценнің темірлі құмтастарынан құралған. Бұл жазықтың беті тегіс, бірақ жыралар желісімен 20 м биіктікте болатын үстелді қалдықтарға бөлінген. Үстелді таулардың беткейінің ылдиды 35° шамасында;

2 Әлсіз толқынды жазықтық төменгі бордың, плиоценнің және эоценнің шөгінді жыныстарынан құралған. Жазықтың беті әлсіз толқынды, бедер амплитудасы 5-10 м-ден аспайды. Жазықтың оңтүстік-батысқа қарай жалпы ылдиды бар, 1-3° бұрышпен.

Денудациялық пластты жазықтардың қалыптасуы олигоцен уақытынан кейін (миоценде) бедердің жалпы жасаруынан кейін басталды. Көтерілімдері бокты болды, түсу бөлікшклкрімен бірге.

Аккумулятивті жазықтар. Неогенді және төрттік кезеңдер оңтүстік Мұғалжарда горизонтальді аккумулятивті жазықтардың қалыптасуымен көрсетілді. Олар аллювилі, көлдік, өзендік аллювилі болып бөлінеді. Бедердің бұл типтері Мұғалжар тауларының жазықты шеттері бойынша тиесілі дамыған.

Аллювилі жазықтар. Шуылдақ және Бақатай өзендерінің арасында үстел тәрізді жазық орналасқан, су кемерінен 10-40 м көтерілеген. Шеттері бойынша Шуылдақ және Қауылжұр өзендерінің жайылмауісті терассаларының екінші және үшінші алаңдары бөлінеді. Осы терассалардың жиектерінің арасында 10-30 м биіктіктегі кертпештер байқалады. Аккумулятивті жазықтықтардың беті сирек құрғақ, терең емес, таба тәрізді жыралармен әлсіз бөлінген. Жазықтың құрылуына негізінен төменгі және жоғарғы төрттік өзендік түзілімдер қатысты: малтатастар, құмтастар, қойтастармен бірге саздақтар.

#### *Аңғарлар*

Оңтүстік Мұғалжар бедерінің мәнді формасы өзендік аңғарлар болып табылады. Көпшілік ірі өзендермен жыралар аңғарларының созылымды

профилі өңделгендерге жақын болып келеді. Көпшілік сусыз аңғарлар мен өзен бастамаларының ұсақшоқылары ауқымында аңғарлардың V тәрізді көлженен қатысуы болады. Олардың жазықтыққа шығуы кезінде аңғарлардың формасы таба тәріздіге ауысады. Көбінесе олар Шуылдақ, Қауылжұр, Бақатай және Көкпекті өзендерінде көрсетілген. Шуылдақ өзеніндегі төменгі жайылманың ені 10-30 м су кемерінен биіктігі 1 м-ге дейін. Жоғарғы жайылмалы терассаның ені 10 м-ден 150 м-ге дейін таралған және 2 м биіктігі бар. Бірінші жайылмаүсті терассасы бөлікшелерінде 1 км-ден 8 км-ге дейінгі ұзындығы көрсетілген. Оның түзу, әлсіз еңістелген беті бар, ені 300 м және кертпеш биіктігі 5-70 м су кемерінен. Екінші жайылмаүсті терассасы Шуылдақ өзенінің оңтүстік жағалаауында белгіленген. Оның ені 10-700 м-ді құрайды, ал биіктігі өзендегі су деңгейінен 10-15 м-ді құрайды.

Үшінші жайылмаүсті терассасының жасы ерте төрттік. Ол шуылдақ және Қауылжұр өзендері арасында қалдықты үстүрт түрінде сақталған. Оның биіктігі су деңгейінен 40 м-ге жетеді [11].

### 3 Кенорынның геологиялық құрылысы

#### 3.1 Стратиграфия және сыйыстырушы таужыныстардың литолого-петрографиялық құрамы

Бозшакөл мыс-молибден кенорынның геологиялық құрылысын төменгі, ортаңғы, жоғарғы кембрий таужыныстары құрайды.

Төменгі кембрий таужыныстары кең таралып, Бозшакөл мыс-молибден кенорынның кен денелерін сыйыстырады. Олар Бозшакөл свитасы төменгі подсвитаның жоғарғы горизонттарымен сипатталады.

Кенорын алаңында төменгі кембрий таужыныстары көбінесе пироксенді және горнблендті порфириттармен және олардың туфтарымен сипатталады. Туфтар порфириттер массасында қалыңдығы 7 метрге дейін жететін қабатшалар түрінде кездесіп, тек микроскоп астында анықталады. Кенорынның солтүстігінде пироксенді және горнблендті порфириттер арасында диабазды және бадамтасты порфириттердің линза тәрізді денелері байқалып, жалпы созылым мен солтүстік шығыс бағытына қарай созыған. Олардың қалыңдығы 70-200 метр аралығында ауытқып, ал ұзындығы созылым бойынша 300-2500 метр аралығында.

Кенорын алаңында төменгі подсвита порфириттері ендік бағыт шамасында созылып,  $65-75^{\circ}$  бұрышпен оңтүстікке қарай құлайды. Солтүстікке қарай, кенорыннан Ащыкөл көліне дейін жарты қашықтықта спилитті свита таужыныстары солтүстікке қарай құлайды. Осы жерде ол II дәрежелі антиклиналь қатпарлығының дөңес бөлігін құрайды. Ары қарай Ащыкөл көлінен солтүстікке қарай олар жоғары жатқан төменгі кембрий Бозшакөл свитасының жоғарғы подсвитасы таужыныстарымен үйлесімді көмкеріледі. Төменгі подсвитаның барлық таужыныстары қарқынды метаморфизмделген.

Кенорын ауқымындағы ортаңғы кембрий таужыныстары Сасықсор свитасымен сипатталады. Олар кенорынның оңтүстік бөлігінде шығып, жоғарғы кембрий таужыныстарымен тектоникалық жапсармен байланысқан. Бұл жерде жалпы олар  $25-30^{\circ}$ -пен солтүстік шығыс бағытына қарай құлайды.

Бозшакөл кенорны алаңында құмтасты-тақтатасты Сасықсор свитасы көбінесе қошқыл-жасыл, қошқыл-сұр алевролиттермен сипатталады. Күлді туфтар қабатшаларымен қошқыл-жасыл құмтастар. Аталған таужыныстар жұқа қабатшалар түрінде бір-бірін алмастырады. Бұл Р.А. Борукаев атап кеткен, шөгінделудің флиштік сипатын көрсетеді.

Оңтүстікке қарай, 1:10000 масштабты геологиялық карта аумағынан тыс жерде, құмтастар мен алевролиттер арасында әдетте созылым бойынша тез иілетін әктасты құмтастар мен әктастар линзалары кездеседі. Бұл горизонттар, әдетте бағынышты орында мардымсыз таралғанымен, жасты анықтау кезінде негізінен ортаңғы кембрий трилобиттер фаунасымен толы болғандықтан маңызды рөл атқарады.

Кенорын алаңында свитаның жалпы қалыңдығы 1000 метрден асады.



Жоғарғы кембрий-тремадок таужыныстары кенорынның оңтүстігінде шығып, кембрийдің төменгі подсвитасын трансгрессивті көмкеріп, олардың плагиогранит-порфирлер мен диорит-порфириттер дайқаларын жарып шыққан. Мұнда жоғарғы кембрий-тремадок таужыныстары ендік және солтүстік-шығыс бағытта созылып, 30° бұрыш шамасында оңтүстік пен оңтүстік-шығысқа қарай құлайды.

Бозшакөл поселкасынан солтүстікке қарай таужыныстар созылымы солтүстік-батыс бағытына, ал құлау бағыты 30-40° құлау бұрышымен оңтүстік-батысқа өзгереді. Кенорын алаңының батыс бөлігінде жоғарғы кембрий таужыныстары өзіне диабаздардың пластылы жатынын кіргізеді.

